

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
Б.БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИСЯ

Әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасы

ДӘРІС

ІО әкімшілік полиция қызметі.

Кафедра мәжілісінде талқыланды
және мақұлданды. №___ хаттама. 20__ж «__»__

ҚАРАҒАНДЫ

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Әкімшілік полиция қызметінің құқықтық жағдайы, жүйесі және құрлымы.
2. Жергілікті полиция қызметінің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері.

Қорытынды

Әдебиеттер

Кіріспе

Азаматтардың тиісті субъективті құқықтарын жүзеге асырудың басты кепілі болып табылатын ел Конституциясының 34 - бабында, «Әркім Қазақстан Республикасы Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар - намысын құрметтеуге міндетті» — деп белгілеген[1]. Сонымен қатар, ел Президенті Н. Ә. Назарбаев Республика құқық қорғау органдары басшыларының кеңейтілген мәжілісінде адамдардың конституциялық құқықтарының сақталуына ерекше назар аудару қажеттілігін атап көрсетті. Бұл орайда Республика азаматтары елде жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік және экономикалық реформаларды қолдап, Конституцияда белгіленген ережелерді басшылыққа алады. Алайда, өздерінің дұрыс құқықтық жүріс - тұрыстарымен қатар, кейбір жайттарда азаматтар өз тарапынан құқыққа қайшы іс - әрекеттердің жасалуына жол береді.

Жалпы құқық бұзушылық қандай түрде болмасын мемлекеттің тиісті құқық нормаларын шығаруына және соған сай жауаптылықты белгілеуге итермелейді. Сондай құқық нормаларының бірі — әкімшілік құқық нормаларын жүзеге асыру нысаны ретінде құқық бұзушылықты бұлтартпау, құқыққа қайшы әрекеттердің мән - жайлары мен оны жасаған адамның жеке басын анықтау, кінәліні жауаптылыққа тарту, оларға қатысты еріксіз шараларды қолдану мақсатында әкімшілік-процессуалдық заң саласы айшықталады.

Қоғамымыздың жаңа даму кезеңінде еріксіз құралдардан бас тарта алмаймыз. Себебі, соңғы кездері құқық бұзушылықтың жаңа түрлері пайда болып, олар барған сайын кәсіби және ұйымдық сипатқа ие болуда. Ал жаппай жауаптылыққа тарту саясатын болдырмау, қоғамның демократиялығы мен адамгершілігін байыту, жаңа әлеуметтік-құқықтық, қатынастарды қалыптастыру, бізден бірқатар құқықтық институттардың қайта қарастырылуын талап етеді. Осы мақсатта, біз әкімшілік мәжбүрлеу соның ішінде әкімшілік-процессуалдық шаралардың қолданылуын теориялық және тәжірибелік тұрғыда ой сүзгісінен өткізгенді жөн көрдім. Негізінде, мәжбүрлеу шараларына қатысты Республика көлемінде бірқатар еңбектер жазылған. Десек те, әкімшілік мәжбүрлеуді қарайтын процессуалдық сипаттағы шаралар жеткілікті қарастырылмай отыр.

Конституция құқықтың негізгі бастауы болып табылады. Ішкі істер органдары шешім қабылдай отырып Конституцияның нормалары мен қағидаларын бұзбауы керек. Конституцияның құрылысының демократиялық қағидаларына экономикалық еркіндік, идеологиялық және саяси әралуандылық, бәрінің заң алдында теңдігі жатады. Біздің елімізге адамның құқықтары мен бостандықтарының конституциялық деңгейде бекітілуі өте маңызды. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайта отырып, халықаралық актілердің нормалары мен принциптеріне сүйенеді. Аталған

және басқа халықаралық актілер адамның өмір сүру, жеке басына қол сұғылмауы құқығы; адамның қадір – қасиеттерін, кәсіби беделін құрметтеу құқығы; заңмен тең дәрежеде қорғалу құқығы сияқты құқықтар мен бостандықтарды жариялайды. Халықаралық құқықтық құжаттар адам құқығы мен бостандығын ең жоғары құндылық деп таниды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқығы туралы халықаралық құжаттардың негізгі идеялары мен қағидаларын қабылдады және оны мемлекеттің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып нығайтты.

Конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы, қамтамыз етілуі мемлекеттің даму деңгейін айқындайды.

Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев өзінің мемлекеттік қызметшілерге арналған Жолдауында былай деген: «Өткен жылдар ішінде егемендігімізді нығайтып, еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал еткен біршама ауқымды өзгерістер болып өтті. Әкімшілік реформалар жүргізген осы жылдары қоғамдық сана мен халықтың мінез – құлқы жағымды жағынан түбегейлі өзгерістерге түсті. Бүгінгі таңда қазақстандықтар мемлекеттік қызметке үлкен үміт танытып жатыр».

Сондықтан, мемлекеттік билігінің бірден бір көзі болып табылатын конституциялық және әкімшілік нормалар жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі мен бостандықтарын қамтамасыз етуде конституциялық құқықтық нормаларды жүзеге асыру жүйесінде бұл мәселенің терең, маңызды екендігі жұмыстың өзектілігін көрсетеді.

Ішкі істер органдарының тәжірибесінің қажеттілігі нормотворчестволық және құқық қолдануда ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының демократизация процесі табысты аяқталуымен және азаматтық қоғам институтының күшеюі жолында Қазақстанның дамуының мемлекеттік кәсіптік қызметі сияқты[2].

1. Әкімшілік полиция қызметінің құқықтық жағдайы, жүйесі және құрлымы.

Әкімшілік полиция жергілікті полиция қызметінен, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау бөлімшелерінен, көші-қон полициясынан, уақытша ұстау изоляторларынан, айдауыл қызметі бөлімшелерінен және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады[3].

ПО қызметкерлерінің міндеттері ҚР Конституциясын және ҚР заңнамасын сақтауға;

адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етуге;

заңмен көзделген тәртіп пен мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

өздеріне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттігін жүзеге асыруға;

қызметтік және еңбек тәртібін сақтауға;

қызметкердің құқық қорғау қызметінде болуына байланысты шектеулерді және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға;

Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Мемлекеттік қызметтің әдеп кодексінің талаптарын сақтауға;

басшылардың заңды бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттіктері шегінде шығарған шешімдері мен нұсқауларын орындауға;

мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны, оның ішінде құқық қорғау қызметін тоқтатқаннан кейін де, ол жөнінде қолхат бере отырып, заңмен белгіленген уақыт ішінде сақтауға;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде алған, азаматтардың жеке өмірін, ар-намысын және қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді құпия сақтауға және заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, олардан мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге;

қызметкердің жеке мүддесі өзінің өкілеттігімен ұштасатын немесе оған қайшы келетін жағдайларда, жазбаша нысанда баянат беруге және тікелей және уәкілетті басшыны дереу хабардар етуге;

өзінің кәсіптік деңгейі мен біліктілігін арттыруға;

мемлекеттік қызмет мүдделеріне зиян келтіретін жария сөйлеуге жол бермеуге[4].

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздік пен жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау және жолын кесу, қылмыстарды ашу, құқық бұзушылықтардың алдын алу, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу, өз құзыреті шегінде әйелдерге қатысты құқыққа қарсы қол сұғушылықтарға қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде әкімшілік өндірісті жүзеге асыру салаларында басшылық жасайтын ведомствосы болып табылады.

Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

Комитет егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

Комитеттің құрылымы мен штаттық санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

Комитеттің толық атауы – «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті» мемлекеттік мекемесі.

Әкімшілік полиция туралы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен келісімшарттық қарым-қатынасқа түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, ондай қызметтен келіп түскен пайда мемлекеттік бюджет кірісіне жолданады.

Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары

Міндеттері:

- 1) құқық бұзушылық профилактикасы;

- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау;
- 3) қылмысқа қарсы күрес;
- 4) әкімшілік жазаларды орындау.

Функциялары:

құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды ескерту бойынша профилактикалық жұмысты жүзеге асырады;

заңнамаға сәйкес лицензиялар мен рұқсаттар беруді жүзеге асырады; ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялау және рұқсаттар беру саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

лицензиаттардың қызметіне, оның ішінде олардың қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес келуіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

күзет қызметімен, күзет сигнализациясы құралдарын монтаждаумен, ретке келтірумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын субъектілерді және жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылауды ұйымдастырады;

мемлекеттік күзетуге жататын жеке тұлғалар мен объектілерді күзетуді ұйымдастырады;

мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерде өткізу режимін қамтамасыз ету кезінде адамдарды, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеріп қарауды ұйымдастырады;

күзет қызметі субъектілерінен олардың «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңында көзделген талаптарды орындауы туралы ақпарат сұратады;

ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады;

қамаудағылар мен сотталғандарды күзетуді және айдауылдауды бақылауды жүзеге асырады;

күзету халықаралық шарттарға сәйкес мемлекетке жүктелген объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолданылып жасалған бұйымдардың айналымы саласында айналысатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен: жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға; заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдамалар;

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым данасын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге;

заңды тұлғаларға:

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге арналған қорытындылар;

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға;

заңды тұлғаларға:

жарылғыш материалдар сатып алуға, сақтауға;

азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдарды сақтауға;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау және алып жүруге, тасымалдауға;

атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттар беруді;

әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтарды ескерту жөніндегі профилактикалық қызметті жүзеге асырады;

қоғамдық тәртіпті сақтауға және құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады;

белгіленген тәртіппен көлік құралдарына ілесіп жүруді жүзеге асырады;

жүргізушілер куәліктерін беруді, сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді және оларды есепке алуды, көлік құралдарын сенімхат бойынша пайдаланатын адамдарды тіркеуді жүзеге асырады;

жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық әзірлемелер ұйымдастыруға қатысады;

автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, теміржол өтпелерін, қалалық электрлік көлік желілерін, тұрғын үй кешендерін және жекелеген ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ жаңа көлік құралдары үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі жұмыс және мемлекеттік комиссияларға қатысады;

жол жүрісін реттеуді қамтамасыз етеді;

мүгедектерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында олардың қажеттіліктерін ескере отырып, жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келіседі;

жол жүрісі қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады және оны орындау үшін міндетті түрде ұйғарымдар береді;

көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі білім беру ұйымдарының тізілімін жүргізеді;

оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және көлік құралдары жүргізушілерін даярлау бойынша білім беру процесі уақытында көлік жүргізуге оқыту шеберлерінің тізілімін жүргізеді;

аумақтық-көліктік жоспарлау және жол жүрісін ұйымдастыру бойынша

құжаттаманы белгіленген тәртіппен келіседі;

жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік ақпараттық жүйелер құрады және пайдаланады;

кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерін, педагогтарды, тәрбиешілерді, кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті оқу, тәрбие және өзге де мекеменің басқа да қызметкерлерін анықтайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдайды;

кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды және оларға ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою бойынша шаралар қабылдау туралы ұсынымдар шығарады, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберуге немесе кәмелетке толмағандарды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алуды ресімдеуге жәрдемдеседі;

арнайы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды дайындауға қатысады;

кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуы, құқық бұзушылықтары туралы және қоғамға қарсы іс-әрекеттері, оған ықпал еткен себептер мен жағдайлар туралы мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді;

кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа заңды өкілдерін құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына жәрдемдеседі;

денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органдарына нашарлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмекті ұйымдастыруға жәрдемдеседі және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдікті қамтамасыз етеді;

сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарып жүрген адамдарды іздеуді, оларды ұстауды және арнайы медициналық мекемелерге жеткізуді жүзеге асырады;

өз құзыреті шегінде қылмыстарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және ашуды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

қылмыс жасауда күдіктілер мен айыптаушыларды, белгілі тұрғылықты жері мен құжаттары жоқ адамдарды, әкімшілік қамаудағыларды ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұстауды, күдіктілер мен айыптаушыларды айдауылдауды, қылмыстық (әкімшілік) процесті жүргізуші

органдардың оларға қатысты қаулыларының, ұйғарымдарының және үкімдерінің атқарылуын ұйымдастырады;

жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге қатысады;

өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде режимдік талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса арнайы мекемелерде ұстайды. Қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі;

заңнамада бекітілген жағдайларда кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін анықтайды, есепке алуын жүргізеді және оларға қатысты жеке профилактика шараларын жүргізеді;

кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізеді;

қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сот актілерін, судья талаптарын, прокурордың қаулыларын, ұйғарымдарын және талаптарын, тергеушінің, анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындайды;

карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларына қатысады;

күдіктілер мен айыпталушыларды қарап-ұстауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының заңдарында, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Құқықтары мен міндеттері:

өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұрату және алу;

қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

Комитеттің қызметін ұйымдастыру

Комитеттің төрағасы Комитетке басшылықты жүзеге асырады, ол Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

Комитеттің төрағасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Ішкі істер министрі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

Комитет төрағасының өкілеттіктері:

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарында және халықаралық қатынастарда Комитеттің мүддесін білдіреді;

Комитеттің құрылымдық бөліністері туралы ережелерді бекітеді; заңнамаға және Ішкі істер министрі бекітетін лауазымдар номенклатурасына сәйкес Комитеттің құрылымдық бөліністерінің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады, еңбек келісімшартын жасасады, өзгертеді және бұзады, аумақтық және көліктегі ішкі істер органдарының әкімшілік полиция және күзет қызметін бақылау бөліністерінің басшыларын лауазымға тағайындауға және лауазымнан босатуға келісім береді;

өз құзыреті шегінде және заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелейді және тәртіптік жаза салады, сондай-ақ қызметкерлерге көтермелеу, тәртіптік жаза салу, материалдық көмек көрсету туралы ұсыныстар енгізеді;

өз құзыреті шегінде Комитеттің құрылымдық бөліністері, аумақтық және көліктегі ішкі істер органдары орындауға міндетті бұйрықтар шығарады;

Комитеттің құрылымдық бөліністерінің қызметкерлері арасында тәрбие жұмысын, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялылық режимін сақтауын және кәсіби деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді;

азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен өтініштерді қарайды, олар бойынша шешімдер қабылдайды, тәртіп пен заңдылықты бұзу фактілері бойынша қызметтік тергеулер тағайындайды;

Комитеттің қызметкерлерін белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының шегінде қызметтік іссапарларға жібереді;

Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыруға дербес жауапты болады;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ол болмаған кезде Комитет төрағасының өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Комитет төрағасы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

Комитеттің мүлкі

Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетті қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына жүзеге асырылады[5].

2. Жергілікті полиция қызметінің негізгі міндеттері, функциялары,

құқықтары мен міндеттемелері.

ЖПҚ өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1142 қаулысымен бекітілген Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады [7].

ЖПҚ учаскелік полиция инспекторлары бөлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерден, жол-патрульдік полициясынан, табиғатты қорғау полициясынан, қабылдау-бөлу орындарынан және арнаулы қабылдау орындарынан тұрады және ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді.

ЖПҚ қызметкерлерінің қызмет өткеру шарттарын қоса алғанда, құқық қорғау органдарының қызметкерлері деген бірыңғай құқықтық мәртебесі бар.

ЖПҚ қызметкерлерін материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасында регламенттеледі.

Жергілікті полиция қызметінің жұмысын үйлестіруді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі дара басшылық және субординация (бағыныстылық) қағидаты негізінде ішкі істер органдарының қызметін регламенттейтін бірыңғай нормативтік құқықтық және әдістемелік базаға сәйкес жүзеге асырады.

ЖПҚ қаржыландыру облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті бюджетінен жүзеге асырылады.

ЖПҚ негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері

1) құқық бұзушылықтар профилактикасы;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау;

3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу;

5) қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу; қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру;

6) ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу және арнайы қабылдау орындарында адамдарды ұстау;

7) ЖПҚ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдері алдында қоятын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де міндеттер.

ЖПҚ функциялары:

1) құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша шаралар кешенін жүзеге асырады;

3) жол жүрісін және оның қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;

5) қылмыстық теріс қылықтарды тергеп-тексеруді жүзеге асырады;

6) әкімшілік қамауға алынған және белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басты куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды қабылдауды және ұстау жағдайын қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЖПК құқықтары және міндеттемелері:

ЖПК «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз құзыреті шегінде:

1) жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды, құқыққа қарсы әрекеттерді тоқтатуды талап етуге, ал бұл талаптарды орындамаған жағдайда тиісті мәжбүрлеу шараларын қолдануға;

2) жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын, сондай-ақ орындалуын бақылау ішкі істер органдарына жүктелген, белгіленген қағидалардың сақталуын тексеруге қажетті басқа да құжаттарды тексеруге;

3) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін іс жүргізуде жатқан материалдар мен істер бойынша ішкі істер органдарына шақыруға, олардан түсінік және айғақтар, құжаттар, олардың көшірмелерін алуға, ал, келмеген кезде белгіленген тәртіппен күштеп келтіруге;

4) жеке және заңды тұлғаларға қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы орындалуы міндетті ұйғарымдар, ұсынымдар енгізуге;

5) қоғамдық тәртіпті сақтауда ерекше көзге түскен азаматтарды көтермелеуге;

6) қоғамдық, топтық немесе жеке мүдделер мен наразылық танытудың заңсыз нысандарының жолын кесуге;

7) психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну фактісін және масаң күйде болғанын анықтау үшін адамдарға куәландыру жүргізуге, ал, мүмкін болмаған жағдайда – куәландыру үшін медициналық мекемелерге жеткізуге;

8) көлік құралдарын тоқтатуға және тексеріп қарауға, адамдарды көлік құралдарын басқарудан шеттетуге, көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүрісін уақытша шектеуге немесе оған тыйым салуға;

9) төтенше жағдайлардың салдарын жою, терроризмге қарсы операцияны, күзету, көпшілік, карантиндік іс-шараларын өткізу, іздеу салуда жүрген адамдарды ұстау, кепілге алынғандарды босату, қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу, жарылғыш заттар, оқ-дәрілер және жарғыш құрылғылар, улы және

радиоактивті заттар табылғандығы туралы мәліметтерді тексеру, жаппай тәртіпсіздіктің және жеке тұлғалардың қауіпсіздігіне, инфрақұрылым объектілерінің тыныс-тіршілігіне қауіп төндіретін, қоғамдық тәртіпті бұзатын өзге де топтасқан әрекеттердің жолын кесу кезінде жергілікті жер учаскелерін қоршауға алуды жүргізуге;

10) күзетілетін, көпшілік іс-шаралар өткізілетін орындарға кіру (келу) кезінде жеке тұлғаларды, олардың заттарын, көлік құралдарын және өткізілетін жүктерді тексеріп қарауды, оның ішінде техникалық құралдарды пайдаланып тексеріп қарауды жүргізуге, олар өткізілетін орындарға тыйым салынған нәрселер мен заттары бар адамдар мен көлік құралдарын кіргізбеуге;

11) жедел-профилактикалық, іздестіру және өзге де арнаулы іс-шараларды өткізу кезінде бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;

12) карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларына қатысуға;

13) төтенше жағдайлардың салдарын жою үшін өртке қарсы және авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын, көлік және басқа да материалдық-техникалық құралдарды, ұйымдардың байланыс және химиялық қорғану құралдарын тартуға;

14) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамның ізіне түсу, оқиға орнына бару, төтенше немесе соғыс жағдайы қолданылған кезеңде, қарулы қақтығыс жағдайында, төтенше жағдайларды жою кезінде, сондай-ақ меншік иелеріне материалдық залал келтірілген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен оның орнын толтыра отырып, егер кідірту адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қатер төндіруі мүмкін болатын болса, жедел медициналық көмекке мұқтаж адамдарды медицина ұйымдарына жеткізу үшін көліктің кез келген түрін (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардың көлік құралдарынан басқа) пайдалануға;

15) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын, азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтайтын орындарға тексерулер жүргізуге;

16) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалу актілерін және ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалануға;

17) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстау жөнінде іс-шаралар жүргізуге;

18) жеке тұлғаларды әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ішкі істер органдарына жеткізуге;

19) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған әскери қызметшілерді ұстауға және оларды әскери полиция органдарына, әскери бөлімдер командирлеріне немесе жергілікті әскери басқару органдарының бастықтарына тапсыруға;

20) қаруды, оқ-дәрілерді, есірткіні, психотроптық заттар мен

прекурсорларды, сондай-ақ өзге де тыйым салынған нәрселер мен заттарды алып қоюға;

21) жеке адамдардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған деп күдік келтірілген адамдардың ізіне түсу кезінде не сол жерде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасалды немесе жасалуда, жазатайым оқиға болды деп санау үшін жеткілікті мәліметтер болса, дүлей зілзалалар, апаттар, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар және жаппай тәртіпсіздіктер кезінде жеке тұлғалардың жеке басының қауіпсіздігі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тұрғын және өзге де үй-жайларға, аумақтарға және жер учаскелеріне (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер өкілдіктері мен халықаралық ұйымдардан басқа) кедергісіз кіруге, оларды қарап тексеруге;

22) егер жеке тұлғалардың тұрғын жайларда, жергілікті жердің белгілі бір учаскелерінде болуы адамның өмірі мен денсаулығына, меншік объектілеріне қатер төндіретін болса, ұйымдардың жұмысын бұзса, көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүрісіне кедергі келтіретін болса, сондай-ақ жедел-ізвестіру іс-шараларын, тергеу амалдары мен көпшілік іс-шараларды жүргізген жағдайларда олардың сол жерлерге кіруін немесе онда болуын шектеуге, оған уақытша тыйым салуға;

23) қабылдау-бөлу және арнайы қабылдау орындарында ұсталатын, профилактикалық есепте тұрған адамдарды криминалистік есепке қою үшін суретке түсіруге, дактилоскопия жасауға, дыбыс жазбасын, кино- және бейне түсірілімін жүргізуге;

24) ЖПҚ жұмысын жария ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарын тартуға;

25) дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыруға;

26) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар[3].

ЖПҚ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңына сәйкес өз құзыреті шегінде:

1) адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға;

2) оқиға туралы, жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы өтініштерді немесе хабарламаларды қабылдауға, тіркеуге және қарауға, заңнамада белгіленген тәртіппен өтініш берушіге қабылданған шешім туралы хабар беруге;

3) құқыққа қарсы қолсұғушылықтан, оқиғалардан және жазатайым жағдайлардан зардап шеккен, сондай-ақ өздерінің өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті дәрменсіз не өзге де күйдегі жеке тұлғаларға көмек көрсетуге;

4) құқық бұзушылық профилактикасының жалпы және жеке шараларын жүзеге асыруға;

- 5) патрульдеуді жүзеге асыруға;
- 6) жол жүрісі қағидаларының және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын нормативтердің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, жол жүрісін реттеуге;
- 7) әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға және жолын кесуге, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;
- 8) қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтын масаң күйде жүрген адамдарды медициналық ұйымдарға немесе ішкі істер органдарына жеткізуге;
- 9) сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарып жүрген адамдарды іздеуді жүзеге асыруға, оларды ұстауға және арнаулы медициналық мекемелерге жеткізуге;
- 10) үш жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған қадағалаусыз қалған балаларды, сондай-ақ ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды бейімдеу орталықтарына жеткізуге;
- 11) көпшілік іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге;
- 12) жаппай тәртіпсіздіктің, топтасып бағынбаушылықтың жолын кесуге;
- 13) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс, төтенше немесе соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 14) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болудың және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен жүрудің белгіленген қағидаларын сақтауын бақылауға;
- 15) жеке тұлғалардың азаматтық қару мен оның патрондары айналымының белгіленген қағидалары сақтауын бақылауды жүзеге асыруға;
- 16) терроризмге қарсы операциялар мен күзет іс-шараларын жүргізуге қатысуға;
- 17) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасайтын адамдарды ұстауға;
- 18) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, оларды жоюға бағытталған шаралар қолдануға;
- 19) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыруға;
- 20) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сот актілерін, судьялардың талаптарын, прокурордың қаулыларын, нұсқамаларын және талаптарын орындауға;
- 21) атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуда сот орындаушыларына көмек көрсетуге;
- 22) адамдарды ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу және арнайы қабылдау мекемелерінде ұстауға, оларды күзетуді қамтамасыз етуге;
- 23) ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу және арнайы қабылдау орындарында ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық

саламаттылығын және денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге;

24) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды және құпиялылық режимінің сақталуын ведомстволық бақылауды қамтамасыз етуге;

25) ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге;

26) дербес деректерді қорғауды қамтамасыз етуге;

27) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан

Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті[3].

ЖПК жұмысын ұйымдастыру

ЖПК аумақтық ішкі істер органдарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады, оның құзыретіне құқық бұзушылық профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу мәселелері жатады.

Жергілікті полиция қызметінің бастығы ЖПК күштері мен құралдарына басшылық етуді жүзеге асырады, ол ЖПК жүктелген міндеттерді орындауға және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауаптылықта болады.

ЖПК (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, қаланың, қаладағы ауданның) бастығын тиісті мәслихаттың келісімімен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖПК бастығының лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, ауданның (қаланың, қаладағы ауданның) ЖПК бастығы лауазымына – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖПК бастығы ұсынады.

ЖПК бастықтарының лауазымдарына кандидаттар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бекіткен біліктілік талаптарына сәйкес ішкі істер органдарының кадрлық резервінде тұрған полиция қызметкерлерінің қатарынан ұсынылады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖПК бастығын келісу және тағайындау тәртібі:

Ішкі істер министрі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖПК бастығы лауазымына кандидатты тағайындау туралы ұсыныс енгізеді;

әкім Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі ұсынған кандидатураны мақұлдаған жағдайда, бес жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті мәслихатының сессиясына оны келісу туралы ұсыныс енгізеді, бас тартқан жағдайда – бас тарту себептерін негіздей отырып, қабылданған шешім туралы Ішкі істер министріне хабар береді;

мәслихаттың оң шешімі алынған кезде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі ЖПК бастығының лауазымына тағайындау

туралы өкімді екі данада шығарады. Өкімнің екінші данасы ішкі ведомстволық рәсімдер жүргізу үшін бір тәулік ішінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің атына жіберіледі. Мәслихат ұсынылған кандидатураны келісуден бас тартқан кезде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі мәслихат шешімі шығарылған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін негіздей отырып, Ішкі істер министріне хабар береді.

Ауданның (қаланың, қаладағы ауданның) ЖПҚ бастығын келісу және тағайындау тәртібі:

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖПҚ бастығы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне ауданның (қаланың, қаладағы ауданның) ЖПҚ бастығының лауазымына кандидатты тағайындау туралы ұсыныс енгізеді;

облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖПҚ бастығы ұсынған кандидатураны мақұлдаған жағдайда, бес жұмыс күні ішінде ауданның (қаланың, қаладағы ауданның) тиісті мәслихатының сессиясына оны келісу туралы ұсыныс енгізеді, бас тартқан жағдайда – бас тарту себептерін негіздей отырып, қабылданған шешім туралы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖПҚ бастығына хабар береді;

тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте мәслихат құрылмаған жағдайда ұсыныс келесі жоғары тұрған деңгейдегі мәслихаттың қарауына енгізіледі;

мәслихаттың оң шешімі алынған кезде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі ауданның (қаланың, қаладағы ауданның) ЖПҚ бастығының лауазымына тағайындау туралы өкімді екі данада шығарады. Өкімнің екінші данасы ішкі ведомстволық рәсімдер жүргізу үшін бір жұмыс күні ішінде Ішкі істер департаментінің атына жіберіледі. Мәслихат ұсынылған кандидатураны келісуден бас тартқан кезде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі мәслихат шешімі шығарылған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың ЖПҚ бастығына хабар береді.

Мәслихат сессиясын жүргізу тәртібі «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында регламенттеледі[8].

Облыстар, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдерінің ЖПҚ бастықтарының лауазымдарына кандидатураларды қараудың жалпы мерзімі ішкі істер органдарының ұсынысы әкімдікке түскен кезден бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

ЖПҚ бастығының лауазымы аумақтық ішкі істер органы бастығының орынбасары лауазымына теңестіріледі.

ЖПҚ бастығының лауазымында болу мерзімі тағайындалған кезден бастап бес жылдан аспауға тиіс.

Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшыларының

лауазымда болу мерзімін тиісінше Ішкі істер министрінің, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана ЖПҚ басшысының ұсынуы бойынша тиісті мәслихаттың келісімімен облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі ұзартуы мүмкін.

ЖПҚ бастықтары «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ерекшеліктерге сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады[8].

Әкім және (немесе) мәслихат ЖПҚ бастығының жұмысын тәртіптік жазалау шарасы ретінде атқарып отырған лауазымынан босатуға әкеп соқтыратын қанағаттанарлықсыз деп таныған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі ЖПҚ бастығының лауазымында одан әрі болу туралы мәселені ішкі істер органдарының тәртіптік комиссиясында қарау үшін тиісінше Ішкі істер министріне, облыстың, республикалық маңызы қаланың, астананың ЖПҚ бастығына хабар береді.

Тәртіптік комиссияның шешімі үш күн мерзімде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне жолданады.

ЖПҚ бастықтарын қызметтен босату «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады[5].

ЖПҚ құрамына кіретін бөлімшелердің қызметкерлерін тағайындау Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметі және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметі саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жергілікті полиция қызметінің бөлімшелерінде тәртіптің, заңдылықтың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жай-күйін бақылауды жүзеге асыруды ішкі істер органдарының аумақтық өзіндік қауіпсіздік бөлімшелері қамтамасыз етеді.

Дағдарыстық, табиғи, әлеуметтік немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайда аумақтық ішкі істер органдарының бастықтары ЖПҚ бөлімшелерінің басшылық етуді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің үйлестіруімен жүзеге асырады.

Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі ЖПҚ қызметін ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде:

1) ЖПҚ қаржыландыруды, оның ішінде материалдық-техникалық жарақтауды қамтамасыз етеді;

2) тиісті аумақта қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды ұйымдастырады және оның жай-күйіне жауаптылықта болады;

3) мәслихатпен бірлесіп, жылына екі реттен сиретпей ЖПҚ бастығының тиісті есептерін тыңдайды және оның қызметін бағалайды;

4) азаматтарды қоғамдық тәртіпті сақтауға тарту жөнінде шаралар

қабылдайды;

5) құқық бұзушылық профилактикасы субъектілерінің қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

6) қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қауіпсіздігі, құқық бұзушылықтардың профилактикасы, тұрмыстық, рецидивтік және жасөспірімдер қылмыстылығы саласында тиісті аумақты дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге жауаптылықта болады;

7) жергілікті полиция қызметінің алдында тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер қояды, оның орындалуын бақылайды.

ЖПҚ қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттерді орындауға тартуға жол берілмейді.

Бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарды, бостандықтарды және заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылады.

ЖПҚ бастығының өкілеттіктері:

1) ЖПҚ қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар, өкімдер береді, өз құзыреті шегінде ішкі істер органдарының атынан бұйрықтар шығарады;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, әкімшілік жазалауды қолданады, қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша процестік құжаттарды мақұлдайды;

3) ЖПҚ құрылымдық бөлімшелері туралы ережені және ЖПҚ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

4) ЖПҚ құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері арасында тәрбие жұмысын ұйымдастырады, олардың тәртіпті, заңдылықты, құпиялылық режимді сақтауын және кәсіптік деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне ауданның, қаладағы ауданның, облыстық маңызы бар қаланың ЖПҚ бастықтарын тағайындау туралы ұсыныс енгізеді;

6) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады, шағымдар мен арыздарды қарайды, олар бойынша шешім қабылдайды, тәртіп пен заңдылықтың бұзылу фактілері бойынша қызметтік тексеруді тағайындайды;

7) ЖПҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың іске асырылуына жауаптылықта болады;

8) ЖПҚ қызметкерлері жасаған тәртіптік теріс қылықтар бойынша қызметтік тексерулерді бекітеді;

9) жылына екі реттен сиретпей өкілді және атқарушы органдар алдында, жылына бір рет халық алдында есеп береді;

10) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЖПҚ бастығы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

ЖПҚ қайта ұйымдастыру және тарату

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі ЖПҚ қайта ұйымдастыруды және таратуды «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады[3].

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Конституциясы, халықаралық құжаттардың көпшілігі сияқты, адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең басты құндылық деп айғақтайды. Адамның және азаматтың құқығын қорғау әрбір мемлекеттің міндеті. «Ендеше Қазақстан Республикасының Конституциясы адами тұлғаның құндылығының басымдылығын жариялап қана қоймай, оның мемлекет тарапынан қорғалуына кепілдік те береді».

Қазіргі қоғам дамуының басты сипаттамалық белгісі болып адам құқықтары мен бостандықтарының маңызының арта түсуі табылады. Оларды жүзеге асыру мен қорғау ісі демократиялық қоғамның басты шарты болып есептеледі. Шынайы гуманитарлық және демократиялық құндылықтарға негізделген өркениетті мемлекетте адамның абыройы мен бостандығы мемлекеттік биліктің негізі және өлшем-белгісі.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғары құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр» деп тегіннен тегін айтқан жоқ.

Шынтуайтында, мұндай келелі мәселелердің жиынтығымен биліктің барлық саласы, соның ішінде сот саласы да айналысуда. ҚР Конституциясына сәйкес, республикадағы сот билігі азаматтық, қылмыстық және заңда көрсетілген басқа да сот өндірісінің түрлері арқылы жүзеге асырылады. Соңғы кезде соттық өндіріс түрлерінің арасында әкімшілік өндірісі бірте-бірте үлкен мәнге ие болып, алдыңғы қатарға шығуда. Бұған әкімшілік құқық қатынастарынан туындаған істердің сотта қаралу санының көбейе түсуі басты себеп болып отыр.

Соттық қорғануды ғылымда конституциялық құқықтың институты, адамның құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғаудың бір түрі ретінде, қоғамдық қатынас және мемлекеттік функция ретінде қарастырады. Кейде соттық қорғануды сот төрелігімен теңдестіреді, немесе соған жетудің кепілдігі ретінде қарайды. Қылмыстық-процессуалдық ғылым ұстынымында соттық қорғану «сезіктіге, айыпталушыға және жәбірленушіге өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін берілген ұйымдастырушылық және процессуалдық ережелердің жиынтығы» деп түсініледі.

Құқық теориясында соттық қорғау мемлекеттің құқық қорғау қызметінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып жүр. Бірақ та құқықтық мемлекеттегі сот билігінің ықпалының арта түсуі, оның құқық қорғау органдарынан ерекшеленуі, мемлекеттік биліктің өзіндік бір саласы кейпінде бөлінуі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғаудың өз алдына жеке дара мемлекеттік қызметтің түрі болып қалыптасуына әкеледі.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.
3. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығы.
4. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы.
5. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.
6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті туралы ЕРЕЖЕ Қазақстан Республикасы ПМ 2014 жылғы 1 қазандағы № 662 бұйрығы.
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1142 қаулысымен бекітілген Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі туралы ереже.
8. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы.